

Қазақстан Республикасының азаматтық хал-актілерді жазу органының қызметкерлерін аттестациялау туралы Ережесін және Орталық аттестациялық комиссия жөніндегі Ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінің бұйрығымен бекітілді 1998 жылғы 9 сәуір N 280. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 29 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 504. Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 4 қарашадағы N 325 (V043191) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің атқарушы өкімет органдарының және олардың ведомствоға қарасты кәсіпорындар мен мекемелердің мамандары мен басқарушы кадрларын құқықтық аттестациялау туралы 1995 жылғы 21 маусымдағы N 2347 қаулысымен бекітілген Ережесін басшылыққа ала отырып,
Б ұ й ы р а м ы н :

азаматтық хал-актілерді жазу органдарының қызметкерлерін аттестациялау туралы және Орталық аттестациялық комиссия туралы ұсынылған Ережелер бекітілсін.

Министр

Орталық аттестациялау комиссия туралы

Ереже

1. Орталық аттестациялық комиссия (бұдан әрі - Орталық комиссия) аймақтық аттестациялық комиссиялардың шешімдеріне жасалған шағымдарды қарау, аттестация басталған күннен бастап, бір жыл ішінде дәлелді себептермен аймақтық аттестациялық комиссияға екі рет келмеген аймақтық аттестациялық комиссияға келмеуінің дәлелді себептерін растайтын құжаттарымен аттестацияланушының жазбаша өтініші негізінде азаматтық хал-актілерді жазу органдарының қызметкерлерін аттестациядан өткізу, сонымен қатар азаматтық хал-актілерді жазу органдары қызметкерлерін аттестациядан өткізу үшін аттестациядан өткізілетін түрлі топтарға арналған сұрақтар Тізілімін бекіту үшін
қ ұ р ы л а д ы .

2. Орталық комиссияны Қазақстан Республикасының Әділет Министрі құрады, оның құрамына азаматтық хал-актілерді жазу органдарының тәжірибелі қызметкерлері, әділет органдары жүйесінің жоғары білікті мамандары, сонымен қатар
ғ а л ы м - з а ң г е р кіреді.

3. Орталық комиссия қызметіне басшылық жасауды Қазақстан Республикасының Әділет Министрі жүзеге асырады.

4. Орталық комиссияның хатшысы Әділет Министрлігі аппаратының қызметкерлері құрамынан тағайындалады.

5. Орталық комиссияның мәжілістері қажеттілікке қарай өткізіледі.

6. Аттестациядан өткізілмеген азаматтық хал-актілерді жазу органының қызметкері аймақтық комиссия шешімінің көшірмесін алған күннен бастап санағанда, он күн ішінде аймақтық аттестациялық комиссияның шешіміне Орталық комиссияға шағымдана алады.

7. Орталық комиссияға берілген шағым тіркеледі және оның қаралу күні өтініш иесіне комиссия мәжілісі өткізілерден кем дегенде жеті күн бұрын х а б а р л а н а д ы .

8. Орталық комиссия аймақтық аттестациялық комиссия шешіміне жасалған шағымды аймақтық комиссиядан талап етілген алғашқы материалдар түскен күннен бастап, отыз күн ішінде қарайды және төмендегі шешімнің бірін қ а б ы л д а й д ы :

- аттестациялау туралы (аймақтық аттестациялық комиссия шешімін бірден б ұ з у м е н) ;

- аймақтық аттестация комиссиясының аттестацияламау туралы шешімімен к е л і с у .

9. Аймақтық аттестациялық комиссияның шешіміне шағымданушы адам Орталық комиссияның мәжілісіне қатысып, қажетті түсініктер беруге құқылы.

10. Орталық комиссия шағымданушы адамға қажет болған жағдайда қосымша сұрақтар бере алады, оған қайтарылатын жауаптар аттестациялық комиссияның ұйғаруымен ауызша немесе жазбаша беріледі.

11. Орталық комиссияның мәжілісіне кем дегенде бес мүшесі қатынасса, ол өкілетті болып есептелінеді.

12. Егер қатынасусы мүшелерінің басым көпшілігі дауыс берсе, Орталық Комиссияның шешімі қабылданды деп есептелінеді.

Дауысқа салу ашық түрде жүргізіледі.

Дауыс саны тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып т а б ы л а д ы .

Қабылданған шешім туралы өтініш иесіне немесе аттестациядан өтушіге сол күні жазбаша түрде хабарланады.

Мәжіліске қатынасқан комиссия мүшелерінің барлығы шешімге қол қояды. Орталық комиссияның шешімі Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінде сақтауға қалдырылады.

13. Орталық аттестация комиссиясының шешімі ақырғы шешім болып табылады.

